

**"2004 жылға арналған жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту үшін кредит беру"
" бюджеттік бағдарламасын ниеттес қаржыландыру бойынша кредит беру
ережелері туралы**

Күшін жойған

Павлодар облысы Успенка аудандық әкімиятының 2004 жылғы 20 мамырдағы N 157/5 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 17 маусымда N 2597 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Ұсынылып отырған "2004 жылға арналған жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасын ниеттес қаржыландыру бойынша кредит беру ережелері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.В. Ильинаға жүктелсін.

Аудан әкімі В. Левченко

Аудан әкімдігінің 2004 жылғы 20 мамырдағы "2004 жылға арналған жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасын ниеттес қаржыландыру бойынша кредит беру ережелері туралы" №N 157/5 қаулысымен бекітілген

**2004 жылға арналған жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасын ниеттес қаржыландыру бойынша кредит беру
ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Аталған қағида Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2002 жылғы 25 шілдедегі "Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау туралы" Заңдарына сәйкес, шағын кәсіпкерлік субъектілерін ниеттес қаржыландыру негізінде несиелендіру үшін заемшы банктерді анықтау мақсатында әзірленді.

2. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздарға (екінші деңгейдегі банктер) аудан әкімдігімен әлеуетті заемшыларды несиелендіру туралы (кредиттік) келісім жасау құқы беріледі.

3. Конкурс ұсынған талаптарға сәйкес келетін бірнеше заемшы банк жеңімпаз болауы мүмкін.

4. Кредит ауыл шаруашылығынан басқа шағын кәсіпкерлік пен басқа да әлеуметтік маңызды салаларға 24 ай мерзімге беріледі.

2. Әлеуетті конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар

5. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұрын алынған несие бойынша қарызының болмауы.

6. Конкурс өткізу алдындағы соңғы үш ай ішінде Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің пруденциалды нормативтерінің сақталуы.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен ең төменгі жарғылық және жеке меншік капитал мөлшері лимитінің сақталуы.

8. Аудан бюджетіне кредит ресурсын өз уақытында қайтаруды қамтамасыз ету мүмкіндігі.

9. Бюджет қаражатымен 50/50 пайыз көлемінде бірлесіп қаржыландыру негізінде кредит беруге міндетті түрде қатысу.

3. Қаржыландыру көздері және төлем шарты

10. Қаржыландыру көзі аудандық бюджет болып табылады.

11. Орта мерзімді несие бюджеттік бағдарламалар әкімгерлеріне заемшы банктермен төмендегі шарттар бойынша беріледі:

1) қайтару ;

2) төлем ақы ;

3) жеделдігі ;

4) қамтамасыз етілуі .

12. Тұрғындардың жеке ауласын несиелендіру бірлесіп қаржыландыру шарты негізінде заемшы банктің жалпы сомасы 50% кем емес жеке меншік қаражатының қатысуымен іске асырылады.

4. Әлеуетті заемшылар мен заемшы банктерге кредит беру шарты

13. Шағын бизнес кәсіпкерлерін несиелендіру "2004 жылға арналған жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасына сәйкес, ауыл және ауылдық округ әкімдерінің, бюджеттік бағдарлама әкімгерінің жазбаша ұсынымы бойынша іске асырылады (Экономика және кәсіпкерлікті дамыту бөлімі).

14. Аудандық бюджет қаражаты Заемшы - Банкке ставка сыйақысы бойынша ақылы негізде Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес беріледі.

15. Заемшы-банк сыйақының орташа ставкасы бойынша несиені жеке меншік және банктің заемды қаражатынан ұлттық валютамен (теңге) төмендегі ставка бойынша береді:

жылдық орта сыйақы ставкасы бойынша 12% артық емес орта мерзімді кредит, соның ішінде:

жылдық сыйақы 5,78% ставкасы бойынша бюджеттік қаражат;
банктің заемдық қаражаты 18% жылдықтан артық емес.

16. Заемшы-банк несиелік ұсынымға сараптама жасайды, заемшіге берілетін несиенің көлемінен 1,2-1,3 есе кем емес кепіл құнын анықтайды.

17. Заемшіге берілетін кредит активтермен, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған міндеттеменің орындалу нысанымен қамтамасыз етілуі тиіс.

18. Бюджеттік бағдарлама әкімгеріне әрбір заемші бойынша қаражат бөлуге өтінім жібереді, өтініммен шарт көшірмесі мен заемді қайтару кестесі қоса беріледі.

19. Заемшы кредитті мерзімінен бұрын қайтарған жағдайда заемшы банктегі бюджеттік несиені қайтарылады.

20. Заемшы банк бизнес жоспарды бюджеттік бағдарлама әкімгерінің сараптама ұйғарымы болғанда қарайды.

21. Заемшы банктің бизнес жоспарды және несиелендіруге арналған басқа да құжаттарды қарау мерзімі заемшіден құжаттар түскен күннен бастап 7 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

22. Жоба сараптамасының қорытындысы қаралып және оны несиелендіру туралы шешім қабылданған соң заемшы банк бағдарлама әкімгеріне бюджет қаражаттың бөлінуіне өтінім жібереді.

23. Заемшы банк орта мерзімді несиені 24 айға дейін қайтару шартымен береді.

24. Заемшы ай сайын есептелген пайыз бойынша соманы қайтарады, негізгі

қарыз тоқсан сайын тең бөлініп қайтарылады.

25. Кредит беру бюджеттік бағдарлама әкімгері ұсынған және аудан әкімдігі бекіткен аудандық комиссия мәжілісінің хаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Кредит берілетін валюта

26. Кредиттер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен беріледі.

6. Кредит беру мерзімі

27. Кредит бюджет қаражатының заемшы-банк есебіне аударылған сәттен бастап 24 айға дейінгі мерзімге беріледі.

7. Кредитті қайтаруды қамтамасыз ету

28. Заемшы банктің қаражатты аудандық бюджетке қайтаруы әр айдың 5-де қарызды қайтарудың бекітілген кестесіне сәйкес іске асырылады (Агенттік келісімге қосымша).

29. Заемшы банктің қаражатты аудандық бюджетке қайтарып бітуі әрбір заемшіге несие беру мерзімі аяқталған соң заемшының қайтару қабілетіне қарамай іске асырылады.

30. Берілген кредит әлдебір себептермен игерілмеген жағдайда заемші банк осы факті анықталған сәттен бастап 5 күн ішінде бағдарлама әкімгерін хабардар етуге міндетті.

31. Заемші банктің кінәсінен міндеттемені орындау мерзімі бұзылғанда бюджеттік бағдарлама әкімгері заемші банктің корреспонденттік есебінен бөлінген қаражаттың сомасынан уақыты өткен әр күніне 0,1% көлемінде сөзсіз айыппұл алады.

32. Заемші банк кредит беру тәртібінің орындалмауына және ақшалай қаражаттың қайтарылуына өз активімен материалдық жауапкершілік береді.